

¹Байтенова Н.Ж., ²Туғанбаев Қ.Т., ³Алмұхаметов А.Р.

¹филос.ғ. докторы, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhanat52@mail.ru, тел.: +7 701 481 0079

²дінтану мамандығының докторанты, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kosa-7@mail.ru, тел.: +7 702 454 7704

³философия ғ. кандидаты, доцент, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті оқу білімінің бастығы, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚОҒАМ ТАРИХЫНДАҒЫ СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІНІҢ
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Мақалада діни сенімге негіз болған түсініктер мен ұғымдардың шығу тектері, діни дүниетанымның адамзат қоғамының дамуының бастапқы кезеңдеріндегі мәртебесінің жоғары тұруының, қоғамдық қатынастардың күрделенуінің нәтижесінде дінге қарама-қарсы басқа дүниетанымдардың қалыптасу тарихы мен діннің рөлінің біртіндеп төмендеуінің себептері талданады. Қоғам тарихының даму деңгейінің алғашқы кезеңдерінде діннің реттеушілік қызметі алғашқы орында тұрды, дін әлеуметтік институт ретінде көпшілікке ортақ құқық, заңның орындалуының негізгі кепілі болды. Дін жеке тұлғаның өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандырушы, қоғам интеграциясына себепкер болған және күнделікті өмір салтын қалыптастыра отырып ұстап тұрған дүниетаным ретінде көрініс тапты. Діндегі салттар мен ғұрыптар адамның өз өмірін реттеуі мен адамгершілік қалпын сақтап қалу, қоршаған әлеуметтік ортаға икемделу үшін міндетті шарт бола бастады. Адамның күнделікті жүріс-тұрысын реттеу мен мінезінің қалыпқа сай болуы үшін бұлжымай орындалуы тиіс тыйымдар мен догмалар қалыптасты. Мақалада секуляризация үдерісі алғаш дүниеге келген Еуропада ортағасырлық діни дүниетанымның орнын ғылыми дүниетанымның басуына себепкер болған алғышарт ретінде грек философиясының таралуы мен оның христиан дінімен байланысқа түсуі қарастырылады. Бұл үрдіс Қайта өрлеу, Жаңа заман және Реформация кезеңіндегі әлеуметтік әрекеттердің рационалдануы, сенімнің орнына ақыл-ой мен эмпирикалық мәліметтерге сүйенген зерттеулердің келуіне тікелей себепкер болғандығын көрсетеді.

Түйін сөздер: дін, секуляризация, рационализм, сенім, деизм, пантеизм.

¹Baitenova N.Zh., ²Tugabayev K.T., ³Almuxametov A.R.

¹doctor of Philosophy Sciences, Professor of the Department of Religious Studies and Culturology, Faculty of Philosophy and Political Science, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: zhanat52@mail.ru, tel.: +7 701 481 0079

²doctoral student specialty «Religious Studies», Faculty of Philosophy and Political Science, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kosa-7@mail.ru, tel.: +7 702 454 7704

³Candidate of Philosophy, Associate Professor, Chief of Educational Department of the Egyptian University of Islamic culture «Nur-Mubarak», Almaty, Kazakhstan

The preconditions of the secularization process in the history of society

The article analyzes the roots of the origin of the main religious concepts and concepts, the reasons for the high position of the religious outlook in the human society, the complication of social relations and the history of the types of thinking opposing religious consciousness, as well as the reasons for the diminishing role of religion. At the initial stage of the history of the development of public consciousness, the primary function was the regulative function of religion, in connection with which religion as a social institution was the guarantor of the implementation of generally accepted norms and laws for

the public. Thus, religion, satisfying the needs of human life, led to the integration of society, setting the standard of social behavior from day to day, reflected in the customs. The regulation of the social environment through religious rites and rituals has become an integral part of human life and maintaining a moral attitude has become a prerequisite for adapting to the environment. From time to time, for the purposes of regulating, normalizing and observing the norms of human behavior, established prohibitions and dogmas were formed. In the article, the propagation of Greek philosophy in prism by the Christian religion in Europe is investigated as a necessary condition for inducing the process of secularization in Europe. This shows that this process in the New Age, in the era of the Reformations and the Renaissance, leads to a social rationalization of faith, based on rational and empirical evidence.

Key words: religion, secularization, rationalism, faith, deism, pantheism.

¹Байтенова Н.Ж., ²Туганбаев К.Т., ³Альмухаметов А.Р.

¹доктор философских наук, профессор кафедры религиоведения и культурологии, факультет философии и политологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhanat52@mail.ru, тел.: +7 701 481 0079

²докторант специальности «Религиоведение», кафедра религиоведения и культурологии, факультет философии и политологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kosa-7@mail.ru, тел.: +7 702 454 7704

³кандидат философских наук, доцент, начальник учебного отдела Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстан, г. Алматы

Предпосылки процесса секуляризации в истории общества

В статье анализируются корни происхождения основных религиозных понятий и представлений, причины высокого положения религиозного мировоззрения, сложившегося в человеческом обществе, осложнение общественных отношений и история возникновения противоположных религиозному сознанию типов мышлений, а также причины уменьшения роли религии. На начальной стадии истории развития общественного сознания первоочередной являлась регулятивная функция религии, в связи с чем религия как социальный институт являлась гарантом реализации общепринятых норм и законов для общественности. Таким образом, религия, удовлетворив потребности жизнедеятельности человека, привела к интеграции общества, задавая норму социального поведения изо дня в день, отражаясь в обычаях. Регулирование социальной среды посредством религиозных обрядов и ритуалов стало неотъемлемой частью человеческой жизни и сохранение нравственного отношения стало необходимым условием для того, чтобы адаптироваться к окружающей среде. Время от времени в целях регулирования, нормализации и соблюдения норм поведения человека образовались устойчивые запреты и догмы. В статье исследуется распространение греческой философии через призму христианской религии в Европе как необходимое условие для побуждения процесса секуляризации в Европе. Тем самым, это показывает, что данный процесс в Новое время, в эпоху Реформаций и Возрождения приводит к социальной рационализации веры на основе рациональных и эмпирических данных.

Ключевые слова: религия, секуляризация, рационализм, вера, деизм, пантеизм.

Кіріспе

Секуляризация үдерісін толық түсіну үшін оның тарихына тоқталып, бұл үдерістің себептерін, мәнін, мазмұнын ұғыну қажет. Дін қоғам дамуының ерте кезеңдерінде адамзат өмірінің негізгі бөлігін қамтыған еді. Діни сананың қалыптасуынан бастап, дін мемлекеттік ұстанымдар мен идеологияның негізіне айналды. Діннің позициясының тұрақтылығы оның белгілі бір сұраныстарды қанағаттандыруымен айналысатын қоғамдық қызметімен түсіндіріледі. Сұраныс жасаушылардың әлеуметтік және жеке деп бөлінетін екі тобы болады. Бірінші топқа: белгілі бір қоғамдық-саяси жүйені түсіндіру, мүсәпірлерді жұбату, қоғамның бар-

лық мүшелерінің теңдігі мен бірлігі сезімін қалыптастыру, бір ахлақтық-әдептік жүйені негіздеу, әлеуметтік мінез-құлыққа нұқсан келтіретін жүріс-тұрысты тыно сияқты іс-әрекетті атқаратын субъектілер тобы жатады.

Екінші топқа өмір және өлім сияқты экзистенциялық сұраққа жауап іздеушілер, әлемдегі әділетсіздік пен белгісіздіктен пана іздегендер, өмірдегі өз орнын табуға тырысқандар, өмірдің мәнін, қауіпсіздік пен қанағаттанушылық сезімін іздегендер, қандай да бір әлеуметтік топтың, бір қауымның мүшесі болуды сезінгісі келетіндер жатады.

Әрине жоғарыда дін қанағаттандыруға қабілетті барлық сұраныстар мен қажеттіліктердің барлығы келтірілген жоқ. Дегенмен, осы тізімге

қарап отырып, діннің функциясына сәйкес келетін екі топты бөліп көрсетуге болады. Олар: әлеуметтік – өмір сүріп отырған орта мен қабылданған тәртіппен байланысты топ және жеке – тұлғаның дүниетанымдық ұстанымдарын табуы мен анықтауы және психологиялық тұрғыдан қолайлылық пен жан тыныштығын табуы. Әрине бұл функцияларды үнемі тек дін ғана атқара бермейді, діннің орнына басқа саланы бірінші орынға қойып, өмірдің мағынасын басқа тұрғыдан іздейтін тұлғалар тобы да болады, бірақ негізінен қазіргі постсекулярлы қоғамда діннің бұл функциясы басым болып отырғаны шындық.

Заманның ауанына қарай саяси-экономикалық саланың жетіле түсуі, сауда-саттық, ғылыми жаңалықтардың қарыштап дамуының нәтижесінде діннің адамзаттың көптеген сұрақтарына нақты әрі тұспалсыз, тұжырымды жауап беруі күрделене түсті. Діннің барлық функцияны орындау, қоғам мен адамзаттың материалдық сұраныстарының барлығына жауап беру мүмкіндігінің шектелуі қоғамда тарихи тұрғыдан орын алған діннің дағдарысына әкелді. Қоғамда басымдыққа ие болып отырған діннің белгілі бір талаптар мен сұраныстарды қанағаттандырмауы діннің қоғамдық өмірден біртіндеп шегеріле бастауына әкелді. Бұл жағдайдың орын алуына негізгі екі шарт себеп болды деуге болады. Біріншісі, дін қоршаған ортаның, яғни қоғамдық өмірдің өзгерістеріне жауап бермеді және жаңа ұстанымдарға икемделмеді, екіншісі, руханилықтың, діни мекемелердің рөлінің төмендеуі мен дегенерациясы. Бұл дағдарыстың нәтижесінде діни дүниетанымға балама ретіндегі басқа дүниетанымдардың пайда болуы, көптеген жеке тұлғалардың дінге сенбеуіне қалыпты деп қарайтын қоғамдық көзқарас, қоғамдағы конфессионалдық бедел мен басымдылықтың күйреуі сынды негізгі белгілері көрініс тапты.

Зерттеу әдістері. Мақалада тарихи-салыстырмалы тұрғыдан секуляризация үдерісінің дүниеге келу және жүзеге асу жолдары, осы үдеріске түрткі болған алғышарттар дәйекті түрде қарастырылды. Діннің ортағасырлық қоғам өміріндегі рөлінің басымдық таныту және Ағартушылық, Жаңа заман кезеңіндегі ғылымның қарыштап дамуының негізінде мәртебесінің күрт төмендеу себептері мен салдарлары дінтанулық талдау негізінде сарапталды.

Библиографиялық шолу. Діннің табиғаты мен оның әлеуметтік институт ретінде адамзаттың рухани өміріндегі алған орны дінтанулық,

философиялық, әлеуметтанулық әдебиеттерде тұжырымды түрде зерттелді. Діннің әлеуметтік ортадағы күрделі әрі маңызды құбылыс ретіндегі алған орны ортағасырлық мұсылман ғалымдары әл-Кинди мен әл-Фарабидің көзқарастарында көрініс тапты. Діни ақиқат пен ғылыми ақиқаттың аражігін ашып көрсету арқылы олар дін мен ғылымның зерттеу нысаны мен бағдарын анықтауға үлкен үлес қосты. Сонымен қатар діннің негізгі міндеттері мен сенім мәселесі ортағасырлық христиан ойшылдары Ансельм Кентерберийский мен Аврелий Августиннің ізденістерінің негізіне айналып, сенім мен ақыл-ой арасындағы байланыс қарастырылды. Ортағасырлық телогтардың түсінік қалыптасу үшін сенімнің болуы шарт екенін міндетті санағаны жайлы Б. Рассел өз зерттеулерінде тұжырымды түрде баяндап өтті. К. Ясперс «Тарихтың мағынасы мен міндеті» атты еңбегінде діннің сатылы түрде нақты дәрежеге ие болуының себептері мен оның салдарларын талдап қарастырды. Діннің мәртебесінің өсуінің нәтижесінде профанды және сакральды сенім түрлерінің қалыптасуы жайлы айқын ойлар дүниеге келді. Қоғамдық дамудың өзгеріске ұшырауының нәтижесінде ортағасырлық діни ілімнің орнына грек философиясы мен гуманизмге бет бұрған кезең Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары жаратылыстану ғылымдарын қоя бастады. Инженер, өнертапқыш, суретші Леонардо да Винчи екі ақиқат жоқ, тек бір ғана ақиқат – ғылыми ақиқат бар деген тұжырым жасады. Француз ағартушыларының өкілдері деистік және атеистік бағытты ұстанып, Құдайдың адамзат қоғамына қатысы жоқ, ал дінбасылар тек алдау мен қарапайым халықтың сенімін өз мақсаттарына пайдаланушылар деп тапты. Вольтер, Монтескье сынды ойшылдар өз ой тұжырымдарында Құдайдың бастапқы жаратушы ретіндегі рөлін мойындап, бірақ ол тек бастапқы себеп ретінде ғана, ал жаратып болғаннан соң әлем ісіне араласпайды, ғалам табиғи заңдылыққа сүйеніп өмір сүреді деген деистік ойлар айтты. Ламетри, Дидро, Гельвеций, Гольбах негізін құраған топ Құдайдың жаратушы ретіндегі қызметін де жоққа шығарып, материалистік бағытты бағдар тұтты. Жаңа заман ойшылы Р. Декарттың рационализмді танымның көзі деп табуы философиялық ойлау жүйесіне жаңа серпін берді. Б. Спинозаның рационалистік бағытты одан ары дамытуы діни сенімнің орнына ақылға сүйенген танымды ұсынуы және пантеистік ойды жақтауы діннің сол кездегі мызғымас мәртебесіне қарсылық болып та-

былды. Мақалада отандық көрнекті дінтанушы Н.Ж. Байтенова, ресейлік ғалымдар В.М. Богуславский, В.Н. Кузнецов, А.Г. Спиркиннің еңбектері қарастырылып, олардың көзқарастары жайлы ой түйінделді.

Негізгі бөлім

Әлемнің құрылымы туралы адамзаттың ой-тұжырымдары қашанда біршама өзгеріп отырған. Алғашында миф, әфсана түрінде, одан кейін түрлі құдайылық іс-әрекеттер арқылы, кейінірек жалпы ғаламның жаратылысы, тарихи ауқымдағы әлемнің дамуы, күнә ұғымының пайда болуы мен соңғы сот, яғни ақырзаман туралы ойлар нәтижесінде адамзат әлем жайлы жалпы түсінік пен ұғымдарды қалыптастырды [Ясперс 1994. 37]. Діни сана адамның шынайы тәжірибесімен байланысқа түсіп, екеуінің арасындағы қарым-қатынас күшейе түсті. Қоршаған шындықты, болып жатқан құбылыстарды қасиетті тұрғыдан қабылдау арқылы адам санасында сакральды және профанды деп бөлінген сенім түрлері қалыптаса бастады. Адамның өз өмірін ұйымдастыра алуы, сындарлы сәттерде шешім қабылдауы үшін белгілі бір сенім мен үміт қажет болды. Әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру мен түсіндіру, әлемге деген қатынас пен ұғымдар уақыт өте келе ақыл-ой тұрғысынан реттеліп, алғашқы кездегі көпқұдайшылық, мистика, пұтқа табынушылыққа қарсы діннің ішінде күрес жүргізіліп, әлемді мифологиялық тұрғыдан түсіндірудің орнын діни дүниетаным басты. Мемлекет басшылары қай дінді ұстанғанына байланысты сол мемлекеттегі ресми болуы тиіс діннің тағдыры шешіліп, дін алғашқы кезде құқықтың, заңның рөлін орындап, реттеушілік қызметті атқарды.

Заман ауанына қарай біртіндеп діннің қоғамдағы орны мен мәртебесі айтарлықтай өзгеріске ұшырай бастады. Қазіргі кездегі ауқымды зерттеуді талап ететін секуляризация үдерісі Еуропадан бастау алғаны белгілі. Қайта өрлеу дәуірі мен Реформация, гуманизм, жағрапиялық жаңалықтар, теңіз жолдарының жолға қойылуы мен сауда-саттықтың ұлғаюы, гуманизм идеясы, ортағасырлық кезеңдегі діни үстемдіктің әлсіреуі сынды құбылыстар діни санаға жаңаша әсер етіп, әлеуметтік өмірдің рухани негіздерінің рационализациясына әсер етіп, діннің ішкі табиғатының да өзгеріске түсуіне ықпал жасады.

Батысеуропалық мәдениеттің әлеуметтік-рухани негізіне арқау болған грек философия-

сы мен христиандықтың екеуінің арасындағы бірлескен қосылыстан пайда болған жаңа бастама болды. Еврейлік және еуропалық немесе иудейлік-христиандық діни философия табиғаты бойынша әртүрлі негіздегі осы екі мәдениеттен бастау алды. Еуропалық түсініктегі діни философия қалыптасуы үшін грек философиясы мен христандық теологияның синтезі керек болды. Грек философиясы христиандық Еуропаға өзіндік әсерін тигізді. Христиан теологтары діни догмаларын негіздеу үшін Платон мен Аристотельдің философиялық іліміндегі идеялар мен терминдерді кеңінен қолданды. Схоластикалық кезеңде грек философиясының жетістіктері мен жаңалықтары Құдай ілімін уағыздау мен түсіндіруде көмекші құрал міндетін атқарды.

Таяу Шығыста шығыстық, манихейлік және зороастрлық әсерлермен байытылған грек-римдік өркениеттің іргетасы шығысхристиандық және мұсылман империяларында өте күшті болды. Аристотельдің еңбектерін араб тіліне аударудың негізінде грек философиясы мен ғылыми жетістіктер мұсылман әлемі үшін қолжетімді болды. Мемлекет басшыларының қолдауына ие болған аудармашылар грек ғылымының өте құнды мағлұматтарын араб тіліне аударып, сол кездегі ғылымның өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Математика, медицина, астрология сынды практикалық ғылымдарға деген қызығушылық ғылымның пайдасына шешіліп, нәтижесінде грек елінің ғылыми және философиялық мәтіндерінің барлығына дерлігі аударылды [Сират 2003. 72].

Ғылымға деген қызығушылықтың артуы дінбасылар, діндарлар мен зайырлы ғылымға көбірек назар аударатын ғалымдардың көзқарастарының арасындағы шиеленіске алып келді. Олардың арасында жаратылыс заңдылықтары, әлемнің дамуы жайындағы пікірлерде кереғарлықтар туындап отырды. Ортағасырлық Батыс Еуропада философия мен практикалық ғылымдар теологияның көлеңкесінде қалып қойса, Шығыс әлемінде ғылым мен дін қатар қойылып, екі ақиқат идеясы қалыптасты. Екі ақиқат идеясына түрткі болған сеніммен қатар адамда ақыл-ой, сананың барлығы және оның жаратылыс ішінде тек адамзатқа ғана тән қасиет екендігі жайлы пайымның ақиқат болып табылатындығын мойындау еді. Ғылыми ақиқат діни догматтардан тәуелсіз, діннің көмегінсіз де түсінікті құбылыс болып саналатындығын жақтаушылардың саны біршама арта түсті. Бірақ ақыл-ойдың анықтамасын берудегі

ортағасырлық ой-тұжырымның өзі екі негізгі бағытқа бөлінді. Оның бірі дәстүрлі грек философиясының ағымымен байланысты әл-Кинди мен әл-Фараби ұстанған перипатетизм бағыты. Осы ойшылдардың ой-пікірлері мен қалыптастырған ғылыми жүйелері көне грек философиясы мен кейінгі философиялық жүйелерді біріктіретін бағыт болып табылды. Екіншісі, ол да рационалистік бағытты ұстанған, бірақ исламға етене жақын болды. Бұл калам және мутазилиттер ағымы.

Ортағасырда діннің жалпы рухани мәдениеттің өзегі ретінде басымдылық танытқаны белгілі. Философия сирек те болса діннің аумағынан шығып, дүниетанымдық мәселелерде басқа сарынға ден қойып отырғанымен, діни бағдар оның негізгі өзегін құрады. Философтар өте күшті беделге ие болып, философия ғылыми білім жүйесіндегі басқа да ғылымдарды қамтитын зерттеудің әмбебап ғылыми әдісінің бірегейі болып саналды. Әл-Фарабидің философияны адамның ең жоғарғы бақыты ретінде анықтауы философия ғылымына ақыл-ойлық құндылығымен қатар ахлақтық, әлеуметтік-саяси және діни маңыз берді. Бұл көзқарас әл-Киндидің философ тек қана ақиқатқа жетуі ғана емес, сонымен қатар, ақиқатқа сүйеніп әрекет етуі тиіс деген талабында көрініс тапты [Йошпе 2003. 54].

Басқа бір діни доктрина мен өзге елдің ғылымына төзімділікпен қарау, ақиқатты кезкелген басқа діндегі адамнан да үйренуге болады деген пікір араб мен грек мәдениетінің синтезіне әкелді. Араб ойшылдарының трактаттарында грек философтарының ой-тұжырымдарының кездесуі немесе олардың еңбектерін тәржімалау мен талдау, түсініктеме жазу қалыпты жағдай болуына осы түсінік әсер етті. Осының негізінде ғылым мен діннің арасындағы қырсыластық әлсіреп, философия дінмен қатар қажетті руханилықтың бір бөлшегіне айналды.

Ақыл-ойдың христиан философиясындағы рөлі мен мәртебесін анықтауға ұмтылыс схоластика ілімінің негізгі тақырыбына айналды. Ерте ортағасырлық кезеңдегі теологияның дамуы кезінде екі бағыт айқындалды: бірі – христиандық құдай ілімін жүйелеу, екіншісі, оған тән рационалдылықты дәлелдеу. XI ғасырда христиандық ойшыл Ансельм Кентерберийский христиандық сенімнің рационалдылығы жайлы сенімді екенін өзінің «түсіну үшін сенемін» деген қанатты сөзімен білдірді. Сенім бұл жерде түсініктен бұрын тұрғанымен, бұл сенімнің

мазмұны рационалды деген ой-тұжырымды тудырды. Августиннің пікірін жалғастыра отырып, ол сенімсіз түсінік болуы мүмкін емес дейді. Құдай – дейді Ансельм – әділетті емес, ол әділет. Негізгі бастамасын Платон айтқан осындай ойларды Иоанн Скот та мақұлдады [Рассел 2000. 187].

Өзінің «Монолог» атты еңбегінде Кентерберийский қасиеті жазбаларға өзгеріс енгізбейтінін немесе күдік келтірмейтінін, тек қана рационалды куәліктер мен ақиқаттың негізінде түсіндіруге тырысатынын атап өтті [Мак-Грат 1998. 123]. Ол Қасиетті Үштік догматын рационалды тұрғыда түсіндіріп, оған өз дәйектерін келтіріп өтті. Ортағасырдағы діннің өте күшті беделге ие болып тұрған кезінде де сеніммен қатар ақыл-ойдың рөлінің белгілі бір деңгейде жоғары сұранысқа ие болып, мойындалғанының шындық екенін осындай жайттардан аңғаруға болады. Схоластикалық кезеңде философия христиан теологиясына орасан зор әсер етті, яғни христиан дініне қарсы пікірдегілерден ақыл-ой арқылы дінді қорғау мен оның дұрыстығын дәлелдеуге және сенім догматтарын зерттеу арқылы оны қарапайым көпшілікке түсіндіруге көмегін тигізді. Фома Аквинский әлем жайлы пікірді өзгертуге үлкен күш салды. Оның ойынша күнә адамның ақыл-ойын емес, оның ерік-жігерін ғана құлға айналдырды. Осындай көзқарастан кейін барып адамның ақыл-ойы адамның басқа табиғатынан бөлек автономды аймақ ретінде қарала бастады. Бұл біртіндеп философияның теологияның құрсауынан бостандық ала бастауына себепкер болды.

Осы көзқарас өз кезегінде Қайта өрлеу кезеңіндегі философия мен өнерге дендеп еніп, сол кезеңдегі Данте, Петрарка, Бокаччо, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Бруно, Коперник, Галилей сияқты ойшылдар мен ғалымдардың ортағасырлық дәстүрлі христиандықтан қол үзіп, әлемді бітпейтін құпия мен түсініксіздіктен құтқаратын жаңа рационализмге бой ұруына тікелей себепкер болды. Гуманистер ортағасырлық шіркеудің беделіне қарсы шығып, адам барлық заттың өлшемі деген идеяның туындауына күш салды. Бұл ойшылдар өздерінің тума қасиеттеріне сүйене отырып әлемді өзгертетін өз күштеріне деген сенімділікке ие болды. Ашқан ғылыми жаңалықтары мен сондарында қалған өнер туындылары арқылы ортағасырлық түсінікті күйретіп, оның орнына жаңаша ойлау мен ғылыми-мәдени қалыпты қалыптастырды [Бринтон 2003. 104].

XVI – XVII ғасырларда Еуропада Реформацияның негізінде биліктің шіркеу ықпалынан шығуы басталды. Шіркеумен байланысты болған канондық заңдар азаматтық заңдармен алмастырылды, дін жеке адамдардың ішкі өміріне ғана тиесілі болып, ол тек мінез-құлықты реттеушілік рөлін атқара бастады. Осы кезден бастап ғылымның діннен бостандық алуы басталып, жаңа ғылыми жаңалықтар діни догмаларды әлсірететүсті. Ақыл мен сенімнің бөліну қағидасы сол кезеңнің ғылыми саласында ғана емес, сонымен қатар, зайырлы ғылым ретінде қарастырыла бастаған этикада да көрініс таба бастады. Еуропалық Ағартушылық алғашқы рет адамның дін мен шіркеу беделінен тәуелсіздігін негіздеді. Дін әлеуметтік және табиғи заңдылықтарды түсіндірудегі бұрынғы басымдығынан айырылып, дүниетаным ретіндегі беделі төмендей бастады. Негізгі интеграциялық функцияны нарық, саясат және құқық атқаруға ұмтылды. Мұндай жағдайда діннің дағдарыстан шығуында тарихи тұрғыдан бірнеше жолдар мен ыңғайлар қалыптасты. Олар: біріншісі – дін белгілі бір реформалар арқылы адамзат сұраныстарын қанағаттандыру үшін жаңа формада көрініс табуы, ортаға икемделуі, екіншісі – белгілі бір дін мүлде қолданыстан шығарылып, басқа діни дүниетаныммен алмастырылуы. Бұл жағдай бір мемлекетті жаулап алу немесе билеушінің саналы тұрғыда ұстанған саясаты арқылы өз ырықмен басқа дінді қабылдауы арқылы жүзеге асады. Оған мысал ретінде түркі халықтарының исламды дін ретінде танып, тәңіршілдіктің орнына исламды мемлекеттік дін деп жариялауын жатқыза аламыз. Үшіншісі, қоғам дінді дәстүрлі қолданыс аясынан мүлде шығарып тастап, өздерінің қажеттіліктерін діни емес тәсілдер мен жолдар арқылы қанағаттандыру. Діннің дағдарысына деген қоғамның бұл реакциясы секуляризация болып табылады.

Реформация кезеңі адамның ақыл-ойына деген сенім мен табиғи құдайылық ілімді ресми шіркеуге сүйенбей де қалыптастыруға болатыны жайлы пікірге әкелді. Протестанттық ілім католик шіркеуі ұстанған догмалардың біршамасына қарсы шығып, индульгенция мен папаның күнәсіздігі жайлы догманы мүлде ақыл-ой мен сенімге қарама-қайшы деп тапты. Реформация кезіндегі ілімдер ақыл-ойдың адам өміріндегі алар орнын айқындап, соқыр сенім мен ақыл-парасаттың арасындағы айырмашылықты ашып берді. Тек ауызбен ғана айтылатын, мәніне жете түсінбейтін сенім мен ақылға сүйену арқылы дүниені тануға негізделген

сенімнің аражігі ашылып, халық арасында ресми шіркеудің беделіне деген сенімсіздік ұлғая түсті. Осының негізінде ортағасырлық Батыста тек католик шіркеуі ғана болса, XVIII ғасырда бірнеше діни қозғалыстар бой көтере бастады. Бұл кезеңде сонымен қатар өз ойларын ашық айта бастаған деистер, атеистер, скептиктер, агностиктер мен пантеистердің саны арта түсті. Бұл үрдістер еркін ойлаушылықтың тарихи тұрғыдан нық бекіп, діннің қоғамдағы мызғымас орны мен мәртебесінің әлсіреуіне жол ашты. Осы кезде басқа конфессия мен діндегілерге деген тағаттылықты, мемлекеттің шіркеуден бөлінуін талап етуді тарататын әдебиеттер саны көбейе түсті. Дәстүрлі христиандық ақиқаттан гөрі тереңірек мағыналы, христиандықты алмастыратын немесе оны өзгеріске ұшырататын басқа ақиқаттың бар екендігін, оған жету аз уақыттың ішінде мүмкін еместігін, адами іс-әрекет пен қателер, талпыныстар арқылы жетуге болатынын мойындайтын пікірлер қалыптасты. Осы жағдайдың барлығы бір нәтижеге, яғни, ортағасырлық христиан мұрасының қандай да бір бөлігін терістейтін, барлығы жаңа, жақсы бір нәрсеге әкелетініне сайды.

XVIII ғасырдағы француз ағартушыларының ұстанымдарында дінді, шіркеуді, осылардың салдары деп есептеген әлеуметтік теңсіздікті сынау өте қарқынды формада болды. Ағартушылар сенімге ақыл-ойды, қиял-ғажайып ойларға ғылымды, аполгетикаға сынды қарсы қойды.

Француз ойшылдарының жетістігіне материалистік философияның дамуын жатқызуға болады. Ағартушылық қозғалысы христиан дінінің ақиқаттығына, догмаларының шынайылығына, дін қызметкерлерінің ойлары мен іс-әрекеттерінің үйлесімділігіне үлкен күмән келтіріп, олардың қателіктерін әшкерелеп, тарихтағы діни қатығыстардың негізінде туындаған ұлтаралық, дінаралық соғыстарды айыптады. Ағартушылық философиясы өз ішінде деистік және атеистік бағыттарға бөлінді. Деизм Құдайды тек алғашқы бастама, алғашқы себеп ретінде түсініп, ол әлемді жаратқан соң оның ішкі ісіне араласпайды деп түсінді. Атеистік бағыт Құдайды мүлде жоқ деп, табиғи құбылыстарды эмпирикалық тұрғыдан түсіндірді.

Бұл кезеңдегі ағартушылар: Франсуа Мари Аруэ Вольтер, Жан Жак Руссо, Дени Дидро, Жан Батист дэ Ламбер, Жюльен Офре дэ Ламетри, Поль Анри Гольбах, Клод Адриан Гельвеций.

Ағартушылардың көрнекті өкілі Вольтер өзінің мақсаты ретінде кертартпа күшке ие дінді әшкерелеуді қойды. Ол адамдардың аңқаулығы

мен сауатсыздығы діннің бастамасы деп есептеді. Адамдардың аңқаулығы мен сенгіштігін пайдалана отырып дінбасылар құдай атынан сөйлейді, олар оны адамдарға билік ету үшін жасайды, өздерінің дүниеқұмарлығын құдайдың әмірі ретіндегі діни догмалармен бүркемелейді деп санады. Христиан дінінің негізінде ең сорақы алдау жатыр деп әшкерелеуге тырысты. Вольтер шіркеу қоғам үшін өте зиянды, себебі дінбасылар өздері мүлде еңбек етпеу арқылы жалқаулықты жариялап, адамдар арасында еңбекке деген жек көрушілікті тудырады деп есептеген, ал қоғам игілігі мен бақыты еңбекте дейді.

Ол ең қауіпті әрі зиянды дін христиан діні деген ой айтты. Себебі шіркеудің бүкіл тарихына үнілсек, ол алдау, қалмыс, алаяқтық, тонау мен өлтіруден тұрады, демек зұлымдық христиан дінінің ішкі мәнінде жатыр деп таныды. Ғасырлар бойы рим папаларын сайлауды қарудың күшімен шешті, олардың арасындағы бақталастықтан көп қан төгілді, ал халық оларды құдайдың жердегі өкілі ретінде бағынды, шынтуайтында олар сауатсыз халықты өз дегендеріне жүргізу үшін дінді бетперде етті деген ойға келді. Католик шіркеуінің ең бір шегіне жеткен жауыздығының дәлелі 1572 ж. 24 тамыздағы Варфоломей түні. Христиандықты қабылдамады деген кінәмен Америкада үндістер қырғынға ұшырады, крест жорықтары кезінде көптеген адам алдаушылықтың құрбаны болды деп христиан дінінің адамзат тарихындағы кереғар жақтарын тізіп берді [Богуславский 1964. 78].

Вольтер материя мен қозғалыстың дуализміне сенді, туа біткен идеялардың бар екендігін мойындады, жанның субстанционалдығын теріске шығармады. Ортағасырлық схоластиканы терістеп, католицизмнің фанатизмін әшкерелей отырып, Вольтер бастаған деистер Құдайды әлемнің саналы алғашқы бастаушысы ретінде түсінді, ал табиғи дін тарихи процестің әлеуметтік реттеушісі деп қарады.

Оның ойынша көзі ашық, сауатты адам христиан дінін керек қылмайды, бірақ, қараңғы адамдарды адамгершіліктен алыстатпау және оларды басқару үшін құдайдың жазасына деген сенімді сақтау керек. «Егер құдай жоқ болса, оны ойлап табуға тура келер еді» – дейді Вольтер.

Ж.-Ж. Руссоның пікірінше осы кезеңдегі діннің орнына жаңа, азаматтық дінді орнату керек, ол діннің мақсаты барлық тұрғындарды өздерінің қоғамдық міндеттерін қорқынышпен емес, өз ырқымен, парасатына сүйене отырып орындауы тиіс. Руссо қоғамдағы жекеменшік пен

одан туындайтын әлеуметтік теңсіздікті қатты сынға алып, жекеменшік зұлымдық пен жеке басын ойлаушылыққа әкеледі деп ой қорытып, шіркеу қызметкерлері тек жеке басын ойлайды, халықты қанау олардың негізгі міндеті дей отырып, шіркеудің қоғамға әкелер зияны көп деп санады. Жан-Жак Руссо ресми шіркеудің догматтарына да, атеизмге де қарсы шықты. Оның көзқарасынан қазіргі кездегі зайырлы қоғамның ұстанымдарына біршама жақын болғанын көреміз.

Монтескье детерменистік қағиданы ұстанып, мемлекеттің, ұлттардың ерекшелігіне Құдайдың еш қатысы жоқ, оған елдің ауайы, орналасқан жердің бедері тікелей ықпал етеді деп тұжырымдады. Бұл көзқарас нақты ғылымдардың қоршаған ортаны нақты тануда бірінші орында тұратынын мойындауға өз әсерін тигізді. Яғни, христиан дініндегі провиденциализм мен фатализмге деген сыни бағытты қалыптастырды. Монтескье Вольтердің көзқарастармен келісе отырып, деистік позицияны дұрыс деп тапты, Жаратушыны қоғамдағы реттілік пен адами қатынасты сақтап тұру үшін керек деді.

Француз материалистері Дидро, Гольбах, Гельвеций, Ламетри негізгі діни догмалар рационалистік тұрғыдан қарапайым сынға төзе алмайды деп тұжырымдады. Құдай идеясы дегеніміз адамдар үшін түсініксіз себеп пен салдардың байланысына негізделген. Француз ағартушыларының бұл өкілдері деизм бағытын Коперниктің, Галилейдің, Ньютонның жаратылыстанулық идеяларына сүйене отырып теріске шығаруға тырысты.

П. Гольбах өзінің Құдай туралы түсінігінде, Құдай дегеніміз табиғаттың тылсым күштерін түсіндіре алмағандықтан ойдан шығарылған сөз, абстракция деп атап өтті. Ол өзінің «Табиғат жүйесі» деген еңбегінде материяны адам санасынан тыс жатқан объективті шындық, қозғалыс жаралмаған материяның атрибуты деген ой айтты [Кузнецов 1981. 121].

Келесі бір ағартушы Дидроның ойынша, материалды әлемнен жоғары тұрған қандай да бір тіршілік иесі туралы болжам жасау мүмкін емес. Ешқашан да мұндай түсінікті қабылдауға болмайды, себебі олардан ешқандай да қорытынды шығару мүмкін емес. Ол дін адамдарды тек қорқынышпен ғана өзіне бағындырып, өз дегендеріне жету үшін дінбасылар о дүниелік өмір алдындағы үрейді қару ретінде пайдаланады деп санады [Момджян 1983. 87]. Христиандықтан тозақ алдындағы қорқынышты

алып тастасаңыз, одан сенімді де алып тастай аласыз деу арқылы Дидро діннің табиғатында қорқыныш сезімінің жатқандығын түсіндіруге тырысты.

К.А. Гельвеций материалды әлемнің объективті өмір сүруін мойындап, табиғатты көптеген түзілістердің нәтижесі, ал материя – ұзындық, тығыздық, қозғалыс, көлем, пішін секілді қасиеттердің қосындысынан тұрады деп тұжырымдады. Қоғам мен адамның теологиялық тұжырымдамасын мүлде теріске шығарып, ол утилитаризм идеясын ұсынды. Ж. Ламетри дін дегеніміз халықты шексіз билеу үшін таптырмайтын құрал, ол ойдан шығарылған дүниетаным деп санап, шынайы адамгершілік қарым-қатынас дінге бағынбайды деп дәлелдеуге тырысты. Ғаламды тек эпирикалық мәліметтерге сүйену арқылы ғана танып біле аламыз деген пайым жасады.

Француз ағартушыларының атеистік ойлары дінді ақыл-ойлық тұрғыдан сынаумен тоқталмай, креационизм мен телеологияны белгілі бір дәйек келтіре отырып теріске шығарды. Олар діннен қоғам толық бостандық алып, тек ғылыми білімге толық бағдар алғанда ғана адами жетістік пен дамуға ие болатынын мойындады. Бұл идея Еуропада ғылымның мәртебесінің өсіп, керісінше діннің қоғамдағы рөлінің төмендеуіне өте күшті ықпал етті. Діни ілімдердің абсолютті ақиқаттылығын терістей отырып, оған тәжірибеге негізделген ғылыми жетістіктерді қарсы қойды. Бұған сол кезеңдегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің жаңа жерлерді жаулап алу, ғылыми дамуы кешеуілдеген елдерді өздеріне бодан етуі үшін қару-жарақ пен құрал-жабдықтарды қажет етуі, ал оларды иемдену үшін алдыңғы қатардағы технологияға сүйену, эмпирикалық мәліметтерге негізделген өзгеше ғылыми жүйені қажетсінуі сынды тарихи оқиғалар да түрткі болды. Бірақ ағартушылардың барлығы дінді мүлде терістеп, оның тек кереғар жағын ғана көрген жоқ. Мысалы, Вольтер діннің қоғамдық тәртіп үшін қажет екенін аңғарып, ол негізінен шіркеу қызметкерлері мен дінбасылардың екіжүзділігін сынға алды және азаматтарда діни еркіндік болуын қалады, Монтескье діндегі соқыр сенім мен діннің мемлекеттік істерге араласуына қарсы болды. Деистер Құдай идеясын мүлде жоққа шығармай, оның қарапайым көпшілік үшін қажет құбылыс екенін мойындаса, атеистердің олардан негізгі айырмашылығы Құдай мен дін ілімін мүлде жоққа шығаруға күш салды.

Батыстағы протестанттық қозғалыс христиан дінінің бірлігі мен бұрынғы беделіне айтарлықтай әсер етіп, өзара діни беделге деген талас-тартысты туғызды. Бұл діни скептицизмге әкеліп, көптеген қарама-қайшы сенімдерді тудырды. Протестанттық ағым католиктік және православтық ілімге қарағанда жаңа философиялық ағымдардың ықпалына оңай түсті. Католик шіркеуіне қарағанда белгілі бір орталықтанған құрылымға тәуелсіз протестанттық шіркеулердің жергілікті саяси, экономикалық жағдайларға тез икемделуі оңайырақ болды. Жекелеген протестанттық ойшылдар католиктік дін қызметшілеріне қарағанда біршама тәуелсіз ойлау мен әрекетке ие болды. Шығармашылық бостандық құдайылық ілімдердегі ерекшеліктен байқалды. Өзін-өзі көрсете білуге деген ұмтылыс радикалды түрде ақыл-ойлық іс-әрекеттен көрініс таба бастады. Құдай идеясына қарсылық Еуропада картезиандықтың қалыптасуы мен Англиядағы деизмнің әсерінің күшеюіне әкелді. Жаңа замандағы француз ойшылы Р. Декарт адамды ойлаушы субъект ретінде тани отырып, адамның негізгі атрибуты ойлау екендігі жайлы ой қорытты. Кез келген құбылысқа күмәнмен қарау арқылы оның қаншалықты шындық немесе жалған екеніне көз жеткізе аламыз дей отырып, өзінің «мен күмәнданамын, демек мен ойлаймын, мен ойлаймын, демек мен өмір сүремін» деген өмірлік кредосын дүниеге әкелді [Спиркин 2009. 115]. Талдап қарайтын болсақ, діннің негізгі талаптарының бірі бұлжымас сенім және Құдайдың абсолюттігі мен құдіретіне, креационизм идеясы мен фатализмге, тағдыр мәселесіне күмән келтірмеу болса, Декарт оған қарама-қайшы ақиқатқа жету үшін күмәннің рөлінің қаншалықты зор екендігін, рационалды ойлауды соқыр сенімге қарсы қою арқылы қоршаған ортаның сыры мен құпияларын ашып, адамның ең бірінші ойлайтын тіршілік иесі екендігін, дүниетанымдық сұрақтарға келгенде ақылдың шешуші рөл атқаратынын дәлелдеуге тырысты. Күмәндану сыни тұрғыдан ойлаудың, ойлау адамзатты ақиқатқа әкелетін жалғыз шынайы жол деп таныды. Ойшыл онтологиялық мәселеге келгенде дуалистік бағытты ұстанды. Оның ойынша рухани бастама – ой, сана да, материалды бастама – табиғат та шынайы шындық болып табылады. Бұл екі бастама бірін-бірі толықтырып отыратын қоршаған шындықтың бөлінбес бөлшегі. Жаңа заман ойшылдары Құдайдың бар екендігін мүлде жоққа шығарған жоқ. Декарт

Құдай идеясынан бастау алған барлық себеп пен салдарды мойындайды, бірақ Құдайды тану оның ойынша адами субъективтілік арқылы мүмкін болады. Құдай идеясы себеп ретінде көрініс табады.

Құдайілімінен құқық пенахлақ бөліне бастауы діннің жаңа жағдайда өмір сүруіне әсер етті. Егер дін қоғамдағы тәртіптің, құқық мен салттардың міндетті шарты болмаса, онда ол әркімнің жеке шаруасы болып қалады. Дін бұрынғыдай жалпыға бірдей міндетті дүниетаным емес, әр тұлғаның таңдауы мен ырқына байланысты ішкі әлеміне тиесілі құндылыққа айнала бастады. Ал бұл өз кезегінде заман ауанына қарай материалдық құндылықтарды алғашқы орынға қоятын жаңа қағидаларды тудырып, жаңа ойлау үлгісіндегі азаматтардың санының біртіндеп көбеюіне әсер етті. Белгісіздік пен айқындылық, теология мен ғылыми жетістік, тақуалық өмір мен материалдық байлық арасындағы таңдауда соңғыларының пайдасына ден қою қалыпты жағдайға айнала бастады. Осы үдерістің нәтижесінде атеизм мен нигилизм үрдістері белең ала бастады.

Жаңа замандағы ойшылдардың ой тұжырымдарында сенім мен білімнің сыйымдылығы мәселесі де қалыпты жағдай болған еді. Г.В. Лейбництің әмбебаптылық ілімі соның бір дәлелі бола алады. Бірақ жаратылыстану ғылымдары табиғат заңдарын терең зерттеген сайын Құдай идеясын терістеуге деген өзіндік негіздер де көбейе түсті. Ғылым түсіндіре алмаған жағдайларда ғана гипотеза түріндегі ойлар екіұштылыққа әкеліп, ал себебі толықтай ашылған заңдылықтарда Құдай идеясы мүлде терістеліп қалды. Құдай ілімі бұл жағдайда мүлде адам әлеміне қатысы жоқ басқа әлемге жатқызылып, өзінің өзектілігін жоя бастады. Екінші жағынан әлемнің шексіздігіне деген көз жеткізу ұлғая түсіп, пантеизм мен деизм бағыттары алдыңғы қатарға шықты. Атеизм бұл екі бағыттан кейінірек туындаған еді. Пантеизм дегенде әдетте Құдайдың мәні мен болмыстың бірлігі жайлы айтылады. Бұл термин жаңа заманда пайда болды. Джордано Бруно Жаңа замандағы бірінші пантеист-ойшыл. Оның ойын одан ары Бенедикт Спиноза жалғастырды. Спиноза рационалист ретінде ойдың, сананың реалды шындық екенін мойындай отыра, материалистік монизм бағытын ұстанды. Оның ойынша, материя субстанция, ал идея, сана акциденция, яғни сол материяның қасиеті болып табылады. Табиғи заңдылықтар адамға үстемдік етіп, оның өмір сүруінің көзі болып табылады. Сондықтан

табиғатты ол Құдай идеясымен сәйкестендірді. Бұл натурфилософия эмпирикалық бақылау мен рухани ойлауды табиғат жайлы ғылым мәселесіне келгенде біріктіруге ұмтылды. Спинозаның ілімінің әсері Шеллинг, Гегель, Эйнштейн сияқты ғалымдардың бағыттарына әсер етті. Мысалы Эйнштейн адамдардың тағдыры мен әрекеттеріне араласатын Құдайға сенбесе де, болмыстың заңдарының үйлесімділігі арқылы оны танып-білуге ұмтылды.

Деизм бағыты бойынша Құдай түсінігі абсолютті трансценденттілік пен әлемді жаратушы және оны бостандыққа жіберіп, табиғи заңдылықтарына еш әсері жоқ бастама ретіндегі ұғымдарға негізделді. Деизмнің теизм және пантеизмнен айырмашылығы Құдайдың жаратушы ретіндегі рөлін, абсолюттілігін толықтай мойындайды, бірақ осы әлемнің ісіне мүлде араласпайды, ол тек қана субстанция ретінде, алғашқы түрткі түрінде ғана көрініс береді. Деизм бағытынан атеизмнің көмескі ғана идеясын көруге болады. Себебі бұл әлемге енді қатысы жоқ Құдайдың ешқандай пәрмені жоқ, демек ол жоқпен тең деген сөз. Деизмде де, пантеизмде де атеизмнің жасырын жатқан идеяларын байқауға болады. Бұл ілімдердің негізінде Құдай идеясы өзінің осы әлемдегі орны мен қызметін жоғалтып, біртіндеп Құдай жоқ деген тұжырымға әкеле бастады. Құдайдың бар екендігін дәлелдеу мүмкін емес, себебі табиғи ортадағы барлық құбылысты оның қатысынсыз да түсіндіруге болады деген көзқарастар белең ала бастады. Бұл жағдайлардың барлығы секуляризацияның әлеуметтік құбылыс ретіндегі десакрализация мен қоғамның рухани өмірінің рационалдануына әкелгенін дәлелдей түседі.

Қорытынды

Секуляризация әр елде әртүрлі жолмен жүзеге асқаны белгілі. Ол бір жерде эволюциялық жолмен жүзеге асса, кейбір жерде революциялық жолмен, тіпті күштеп енгізілді. Атеизм үрдісінің секуляризация үдерісіндегі алар орны мүлде басқа. Батыс Еуропамен салыстырғанда Орта Азия топырағында діннің мемлекеттен бөлінуі мүлде басқа сарында жүргізілді. XX ғасырдың басында Кеңес өкіметінің орнауымен атеистік саясат жолға қойылып, оның діни наным-сенімдерді қоғамдық санадан күшпен ығыстырып шығаруға тырысқаны тарихи шындық. Атеизм дінді тек кереғар тұрғыдан қабылдап, оның қоғамдағы, халық руханиятындағы орны мен рөлін терістеп, дүниетанымдық, реттеушілік функ-

цияларын теріске шығарып, оны жалғандық, көзбояушылық, ақиқаттан алыстаған мистика деп айыптап, артта қалушылық, надандықтың белгісі деп қана таныды. «Дін апиын» деген К.Маркстің ойынан үзіп алған толық емес үзіндіні бұлжымас қағидаға айналдырып, көзі ашық, сауатты адам ешқашан дінге сенбеуі тиіс, ол қараңғылықтың белгісі деген материалистік қағиданы бірден бір ақиқат деп таныды.

А.А. Радугин атеизмді секуляризацияның даму кезеңі деп емес, ол еркін ойшылдықтың жалғасы деп түсіндіреді. Әрине, атеизм мен еркін ойшылдықтың арақатынасы қоғамдық дамудың әр кезеңінде әртүрлі болды. Әлем жайлы діни көзқарастарды мүлде қабылдамаған атеистік идеялар дінді материалистік және эмпирикалық тұрғыдан сынға алып, оған үзілді-кесілді қарсы болды. Әлемді Құдай жаратты деген көзқарасқа толықтай қарсы болып, табиғатты басты күш деп есептеген атеистік ұстанымдар секуляризация үдерісі пайда болмай тұрған кезде де орын алған еді. Ал секуляризация үдеріс ретінде күшіне еніп, толықтай жүзеге аса бастағанда атеизм осы үдерістің құрамдас бөлігіне айналды. Секуляризацияның батыстық үлгісіне қарағанда, кеңестік қоғамда социалистік ұстанымдар атеизмге басымдық беріп, оны абсолютті ақиқат деп таныды. Бұл кеңестік идеологияның өзегіне айналып, мемлекеттің негізгі идеологиялық қаруына айналды. Себебі социализмнің басты қарсыласы діни идеология мен діни ұйымдар еді. Әртүрлі қоғамдарда мемлекеттің дінге деген көзқарасы әрқалай болып келетіні белгілі. Мысалы, АҚШ-та мемлекет діни ұйымдарға қолдау көрсетілсе, КСРО-да дінді қоғамнан аластатып, оған жаулық көзқараста болды. Екі жағдайда да діни мекеме мемлекеттің саяси істеріне, экономика саласы-

на араласа алмайды, мемлекет діннен бөлінген, бірақ дін мен мемлекет арасындағы ұстанымдар бір-біріне мүлде ұқсамайды.

Мемлекеттің діннен бөлінуінің мынадай бұлжымас қағидалары бар:

біріншіден, мемлекет діни ұйымдарға мемлекеттік органдардың функциясын атқаруды жүктемейді;

екіншіден, егер діни ұйымдардың іс-әрекеті мемлекеттік заңға қайшы келмесе, онда мемлекет олардың ішкі ісіне араласпайды;

үшіншіден, діни ұйымдар мемлекеттік биліктің органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауына қатыспайды, саяси партиялар мен саяси қозғалыстардың іс-әрекеттеріне араласпайды, оларға материалды немесе басқа көмек көрсетпейді;

төртіншіден, мемлекеттік және муниципалды органдар мен ұйымдарда, әскери бөлімдерде діни ұйымдар құруға тыйым салынады. Плюрализм, азаматтық қоғам, ар-ұят бостандығы, сенім бостандығы, тағаттылық – жетілген демократияның негізгі атрибуттары [Байтенова 2015. 45].

Мемлекет мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім берудің зайырлы түрін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар дін ұйымдар өздерінің діни білім беру мекемелерін ашуға мүмдіктері бар, ал мемлекет өз тарапынан ол мекемелерде жалпы білім беру пәндерін оқытуға көмек бере алады. Зайырлы мемлекет қандай да бір дінді міндетті мемлекеттік дін деп жариялай алмайды, ондай жағдайда ол теократиялық мемлекетке айналады. Бұл қағида мемлекет азаматының ар-ұждан мен сенім бостандығының кепілі болып табылады. Дінді мемлекеттік идеология ретінде бекіту тек клерикалды, теократиялық мемлекетке тиесілі саясат.

Әдебиеттер

- 1 Ясперс К. (1994) Смысл и назначение истории. – М., 1994. – 527 с.
- 3 Сират К. (2003) История средневековой еврейской философии. – М., 2003. – 712 с.
- 4 Йюшпе Р. (2003) Что такое еврейская философия? – М., 2003. – 128 с.
- 5 Рассел Б. (2000) История западной философии и ее связи с политическими и социальными условиями от античности до наших дней. – М., 2000. – 768 с.
- 6 Мак-Грат А. (1998) Введение в христианское богословие. – Одесса. 1998. – 494 с.
- 7 Бринтон К. (2003) Истоки западного образа мысли. – М., 2003. – 432 с.
- 8 Богуславский В.М. (1964) У истоков французского атеизма и материализма. – М., 1964. – 255 с.
- 9 Кузнецов В.Н. (1981) Французский материализм XVIII в. – М., 1981. – 304 с.
- 10 Момджян Х.Н. (1983) Французское Просвещение XVIII в. – М., 1983. – 448 с.
- 11 Спиркин А.Г. (2009) Философия. – М., 2009. – 736 с.
- 12 Байтенова Н.Ж., Демеуова А.Д. (2015) Религия и общество. – Алматы, 2015. – 170 с.

References

- 1 Jaspers K. (1994) Smysl i naznachenie istoriyi. M., 1994. 527 p.
- 2 Sirat K. (2003) Istoriya srednevekovoy evreiskoy phisophyi M., 2003. 712 p.
- 3 Yoshpe R. (2003) Chto takoe evreiskaya phisophya? M., 2003. 128 p.
- 4 Rassel B. (2000) Istoriya zapadnoy phisophyi I eye svyazi s politicheskimi i socialnymi uslovyami ot antichnti do nashih dnei. M., 2000. 768 p.
- 5 McGrath A. (1998) Vvedenie v hristianskoe bogoslovie Odessa. 1998. 494 p.
- 6 Brinton, K. (2003) Istoki zapadnogo obraza mysli. M., 2003. 432 p.
- 7 Boguslavsky V.M. (1964) U istokov frantsuzskogo ateizma i materializma. M., 1964. 255 p.
- 8 Kuznetsov V.N. (1981) Frantsuzskiy materializm XVIII v. M., 1981. 304 p.
- 9 Momjyan H.N. (1983) Frantsuzskoe Prosveshenie XVIII v. M., 1983. 448 p.
- 10 Spirkin A.G. (2009) Philophya. M., 2009. 736 p.
- 11 Baitenova N.Zh., Demeuova A.D.(2015) Religiya I obshestvo. Almaty, 2015. 170 p.